

**6D080100 – «Агрономия» мамандығы (8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» бағыты) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Курбанбаев Алмас Измуратовичтың «Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу үшін біржылдық мал азықтық дақылдардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына  
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекітукүніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (Агрономия)</p>	<p>Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ғылыми зерттеулердің маңызы зор. Осы орайда қарқынды даму жолындағы мал шаруашылығына берік мал азығы қорын жасауға, оның ішінде екпе дақылдардың өсіру технологиясын жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі жоғары және бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы ғылымының басты міндеттерінің бірі.</p> <p>Ізденушінің зерттеулерінде мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғаны жөнінде көрсетілмеген. Зерттеулер жеке қаржыландыру негізінде жүргізілген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ақмола облысының құрғақ далалы аймағы жағдайында алғаш рет көк балауса, пішен, түйіршіктелген мал азығын алу үшін қоректік құндылығы жоғары біржылдық мал азықтық дақылдардың және олардың қоспаларының жетілдірілген өсіру технологиясының элементтері

			зерттелген. Зерттеулер бойынша қорытындылардың және өндіріске ұсыныстарының маңызы зор, нәтижелер ауылшаруашылығы ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Мұнда зерттеу бағдарламасы мен әдістемелер толық баяндалған, танаптық және зертханалық тәжірибелерде нақты есептеулер мен бақылаулар жүргізілген. Диссертацияның негізгі қағидаттары құрастырылып, зерттеу нәтижелері бойынша талапқа сай мақалалар жарияланып, жасалған қорытындылар мен өндіріске ұсыныстарға сәйкес жұмыс нәтижелері өндірісте қолданыс тапқан.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу бағдарламасында жоспарланған зерттеулер толығымен аяқталған. Зерттеу нәтижелерінде ішкі бірлік принципі байқалады, бөлімдер бір-бірімен тығыз байланыста және әр бөлім бойынша жасалған қорытындылардың тұтастығы бар. Зерттеулер нәтижелері бойынша экономикалық көрсеткіштерге талдау жасалып, нұсқалардың тиімділігі көрсетілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеулердің мақсаты мен міндеттері диссертацияның мазмұнына толықтай сәйкес келеді.



		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 5 бөлімнен, қорытындыдан және ұсыныстардан, 12 қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнын аша түсетін 38 кесте мен 13 сурет келтірілген. Жұмыстың жалпы көлемі компьютермен терілген 124 бет. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынналдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа бір жылдық мал азықтық дақылдарды өсіру технологияларының элементтері жетілдірілгені жөнінде дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған сынналдауы шолу жасалған 179 әдебиет көздерінен байқалып тұр.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізгі қағидаларының нәтижелері мен қорытындылары Республикалық және Халықаралық баспаларда жарияланған, Қазақстан Республикасында өткізген Республикалық конференцияда баяндалды және мақұлданды. Ізденуші диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми мақала дайындаған, олар отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған. Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне 1 патент ҚР мемлекеттік тізіміне тіркелген. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар Қазақстанда жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдістемелермен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен толығымен жаңа болып саналады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ізденуші жүргізген диссертациялық ғылыми жұмыстардың нәтижесі бойынша қорытындылар келтіріліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>1) иә / 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1) иә / 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар / 2) орташа / 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә / 2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдар:</p> <p>- Таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген біржылдық мал азықтық дақылдардың өнімділігіне себу және шабу мерзімдерінің әсері;</p> <p>- Таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген біржылдық мал азықтық дақылдардан алынған көк балауса мен пішенінің және олардан дайындалған түйіршіктелген мал азығының химиялық құрамы мен коректік құндылығы;</p> <p>- Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында біржылдық мал азықтық дақылдарды таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде өсірудің және олардан түйіршіктелген мал азығын дайындаудың экономикалық және биоэнергетикалық тиімділігін бағалау.</p> <p>- себу мерзімінің өнімділікке әсерін зерттеу нәтижесінде мамыр айының үшінші онкүндігін, шабу кезендері бойынша кеш шабу кезендерін яғни астық тұқымдас дақылдарының толық шашақтану және сүттеніп пісу кезендерінде, бұршак тұқымдастарының бұршакқаптарын қалыптастыру кезендерін тиімділігін зерттеген;</p> <p>- Таза күйінде және дақыл</p>

			<p>коспалары түрінде себілген біржылдық мал азықтық дақылдардан алынған азық түрлерін салыстырып бағалап, жоғары сапалы, тұрақты өнім ретінде африкалық тары және пайза дақылдарын асбұршақпен, арпамен, судан шөбімен және шәй жүгері - судан шөбі буданымен аралас себілген нұсқаларын атап өткен.</p> <p>- Экономикалық және биоэнергетикалық тиімділік бойынша африкалық тары дақылын басқа бір жылдық мал азықтық дақылдармен аралас себілген нұсқада белгіленгені көрсетілген.</p> <p>- Диссертациялық жұмыста аталған қағидаттардың барлығы дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дерек көздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ізденуші диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.



		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Қазақстанның құрғақ далалы аймағында дақылдарды өсірудің агротехникалық шаралары кешенінің (біржылдық мал азықтық дақылдардың түрлері, себу және шабу мерзімдері) және агрометеорологиялық жағдайлардың таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген дақылдардың өсіп-дамуына, тіршілік кезеңдерінің ұзақтығына, дақылдардың өнім құрылым элементтерінің қалыптасуына және өнімнің деңгейіне әсері зерттелген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, біржылдық мал азықтық дақылдарды таңдап алуда отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалаларға және халықаралық конференциялар жинақтарына, ғалымдардың диссертациялық жұмыстарына сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертация жазу барысында отандық және шет елдік 179 әдебиеттер көздері қолданылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті екендігін растайды. Алынған мәліметтер зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны диссертациялық жұмыста айқын көрінеді.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеулердің теориялық маңызы бар. Біржылдық мал азықтық дақылдарды және дақыл қоспаларының жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін Қазақстанның басқа да аймақтарында қолдануға болады.</p>

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы жоғары, оны алынған нәтижелерді өндіріске іс жүзінде қолданғаны туралы құжат дәлелдейді. («ПХ Зеренда» ЖШС шаруашылығында өндіріске енгізілген)</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында біржылдық мал азықтық дақылдарды және олардың қоспаларын өсіру бойынша тың ұсыныстар жасалған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация МЕМСТ 7.1-2003 стандарт талаптарына сай орындалған.</p>

**Шешім:** Диссертациялық кеңеске 6D080100 – «Агрономия» мамандығы (8D081 – «Өсімдік шаруашылығы» бағыты) бойынша Курбанбаев Алмас Измуратовичке философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөнінде ұсыныс жасаймын.

*Ресми рецензент:*

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы:**

